

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАҢ» БӨБЕКЖАЙ –
БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

Қамқоршылық кеңес

Хаттама №1

30.09.2025 ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес құрамы

Шақырылғандар:

«Балапан» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі Р.О.Шамшиева

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің құқықтары сақталуы туралы бақылау»

Күн тәртібі:

1. Тәрбиеленушілердің құқықтары сақталуы туралы бақылау
2. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы М.Кошпанова, 2025-2026 оқу жылының Қамқоршылық Кеңесінің жұмысының жоспары бойынша өткізілетін бүгінгі отырыстағы күн тәртібімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің жоспарына сәйкес әр тоқсанда бір рет жоспар бойынша комиссиясы отырысы болатынын айта келіп тәрбиеленушілердің құқықтары сақталуы бойынша тоқталды:

Бөбекжай-бақшада тәрбиеленушілердің құқықтары сақталуы туралы бақылау барысында тамақтануды ұйымдастыру санитариялық қағиданың талаптарына сәйкес «көктем-жаз», «қыс-күз» маусымдық 10 күндік ас мәзірі бекітіледі.

Ас үй жұмысының жағдайы, азық-түліктердің дайындау және сақталу сапасы, дайын тағамдарға емдәмбике күн сайын таңғы ас, түскі ас және бесін асқа органолептикалық бағалау жасайды.

Бақылау кезінде 3 түрлі акт жазылады:

1. Азық-түлікті және тағам өнімдерін жеткізетін көліктердің ахуалына;
2. Дайын тағамдарына органолептикалық бағалауы және шығару мөлшерінің баланс санына сәйкестігіне;
3. Азық түлік (шикі зат) өнімдерінің жарамдылық мерзімі бойынша сақталуына және берілуі;

Бөбекжай-бақшаның азық-түліктерге арналған салқындатқышы бар, азық-түлік тұрған орыны таза, талапқа сәйкес екенін айтты.

Азық түліктер мен тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі бойынша пайдаланылатынын уақытына сәйкестігін, ешқандай бүлінген немесе жарамдылық мерзімі аяқталған тағамдар қолданылмайды.

Асханадағы аспаздардың тағам дайындау кезіндегі іс-әрекеті: Аспазшылардың арнайы киімдер киетіні және гигиеналық шаралардың орындалатынын айтты. Сонымен қатар, дайын тағамдарды дайындау технологиясы орындалып, тағамдардың шығу мөлшері балалардың күнделікті санына сәйкес болғанын айтып өтті.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілер «Индиго» жүйесі бойынша ата-аналар мен бөбекжай-бақша менгерушісі Р.О.Шамшиева тарапынан жасалған келісім –шарт бойынша Мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттеп, он күндік мәзір бойынша балаларды тамақтандыру;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы

№ 499 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының толық көлемде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мен

баланың өмірі мен денсаулығын сақтауды, дене бітімінің, зияткерлік, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалғанын айтып өтті.

Бөбекжай-бақшада , мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, мен оларды есепке алу кағидаларына ҚР Үкіметінің 08.08.2022 № 544 қаулысының 2-қосымшасы бойынша өтініш білдірген 12 тәрбиеленушінің ата-аналарының өтініші негізінде тегін тамақпен қамтылғанына тоқталды

Мұнда бірінші болып сөз алған:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Р.Анетова балалардың толыққанды тамақтануы мен олардың физиологиялық дамуы үшін бөбекжай-бақшадағы тамақтандыру ережесін 4 реттік ұйымдастыруының күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру керек екенін, барлық әрекеттердің санитариялық талаптарға

сай екенін айта келе, бөбекжай-бақшаның жұмысына қанағаттанатынын жеткізді.

Шешімі:

1. Тәрбиеленушілердің құқықтары сақталуы туралы бақылау қанағаттанарлық деп табылсын.

Төрайымы:



М.Кошпанова

Хатшы:



С.К.Агыбаева